

Рудный қаласы әкімдігінің «№15 балалар бақшасы» КМҚК



Бекітілген:  
2021 жылдың 27 тамызындағы  
№1 педагогикалық кеңесінде  
төрайымы,  Б.Боздакова



**2021-2022 оқу жылына арналған  
Ересек «Құлпынай» тобының «Сиқырлы  
сөздер әлемі » вариативтік компонентінің  
жоспары.**

Рудный қ.2021 ж.

**Ересек (4-жастан бастап) «Құлпынай» тобының**

**Вариативтік компонент «Сикырлы сөздер»**

| <b>№</b> | <b>Тақырыбы</b>                                                                                                                                                                                                                                                               | <b>Мақсаты</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |   |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| 1.       | Орыс халық ертегісі:<br>«Үш аю».<br>Артикуляциялық<br>жаттығу: Үш, аю                                                                                                                                                                                                         | Шығарма кейіпкерлерінің қамқорлық мінезіне<br>эмоциялы қарау, кейіпкердің қылығы мен өз<br>мінезінің ұқсастығын бағалауға<br>үйрету, драматизациялау. Балалардың                                                                                                                                                                                                                                  | 1 |
| 2.       | «Ақылды лақ»<br>ертегісі.<br>Артикуляциялық<br>жаттығу: ақ-ақ-ақ<br>Астында болсын тақ!<br>Алла болсын жақ!<br>Басыңа қонсын бақ!<br>Атам маған жақ.<br>Гүлденіп кетті бақ<br>Әжем маған жақ.<br>Боларсың өркез сақ.<br>Секіреді лақ.<br>Шұнандайды лақ.<br>Сылдырайды бұлақ. | Еңбекке деген қызығушылықты қалыптастыру,<br>оның нәтижесіне құрметпен қарау.<br>Тілдің қалпын өзгерте білуді дағдысын<br>қалыптастыру.                                                                                                                                                                                                                                                           | 1 |
| 3.       | «Қызыл телпек».<br>Ш.Перро.<br>Артикуляциялық<br>жаттығу: қыз-з-з-ыл                                                                                                                                                                                                          | Ертегі мазмұнын түсінуге көмектесу, кейіпкердің<br>қылығын бағалау.<br>З дыбысын дыбыстағанда тілді төменгі тістерге<br>түсіреміз.                                                                                                                                                                                                                                                                | 1 |
| 4.       | «Жеті лақ пен<br>Қасқыр» ертегісін<br>айту.<br>Артикуляциялық<br>жаттығу: лақ, қасқыр                                                                                                                                                                                         | Қатарластарымен қатынас жасауда қағида сақтауды<br>үйрету. Ойында, қатынаста әдепті жәрдем көрсетуге<br>талаптану.<br>«Л» дыбысы дұрыс шығуы үшін тістердің арасы<br>ашық тұруы керек, ал тіл ұшы тістің түбіне немесе<br>қызыл иегіне барып тіреледі.<br>«Р» дыбысының артикуляциясы- тісіміздің арасы<br>ашық, тіл ұшы альвеолаға көтеріледі, вибрация<br>жүреді, ауыздан салқын жел соғу керек | 1 |
| 5.       | «Арыстан мен<br>тышқан».<br>Артикуляциялық<br>жаттығу: Тан – тан –<br>тан,<br>Аң патшасы –<br>Арыстан.                                                                                                                                                                        | Балаларға шығарма кейіпкерлерінің мінездері мен<br>қылықтарын талдауды үйрету, олардың жақсы<br>қылықтарын бағалау және өз ойларын білдіру.<br>Ауызды кең ашып, тілді молырақ алға қарай<br>жылжытып жіңішкертіп, қатайтып ұстап, сосын осы<br>қалыпта ауыз қуысына ақырындап кіргізу.                                                                                                            | 1 |
| 6.       | «Түлкі мен тырна».<br>(Орыс халық ертегісі).<br>Артикуляциялық                                                                                                                                                                                                                | Балаларға кейіпкердің әдеби қылықтары мен<br>мінездерін талдауға үйрету, олардың жақсы<br>жақтарының ұқсастығын бағалау., көленкелі театр.                                                                                                                                                                                                                                                        | 1 |

|    |                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |   |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    | жаттығу: Кі – кі – кі,<br>Айлакер қу түлкі.                                                                                                                                      | Ауыз сәл ашық, тілді шығарып әуелі жоғарғы ерінді, сосын төменгі ерінді жалау                                                                                                                                                                                                                        |   |
| 7. | «Екі сараң қонжық» ертегісі.<br>Лексикалық жаттығу.<br>Артикуляциялық жаттығу: Ю – ю – ю,<br>Қорбандайды аю.                                                                     | Балаларға қатарластарымен қарым-қатынаста, әрекетте ереже сақтай отырып, әдеби кейіпкерлердің мінездері мен қылықтарына тадау жасауға үйрету.<br>Ауызды кең ашып, тілді молырақ алға қарай жылжытып жіңішкертіп, қатайтып ұстап, сосын осы қалыпта ауыз қуысына ақырындап кіргізу.                   | 1 |
| 8. | «Қу түлкі мен қасқыр».<br>(Орыс халық ертегісі).<br>Артикуляциялық жаттығу: қасқыр үреді: «У-у-у-у-у»<br>(Ақырын және қатты айту)                                                | Балаларға шығарма кейіпкерінің мінезі мен қылықтарын талдауға үйретуді жалғастыру.<br>Олардың жақсы қасиеттерінің ұқсастығын бағалау, мейірімділік, қайырымдылық, көмектесу.<br>Шайнау-артикуляциялық бұлшықеттерге арналған жаттығулар.                                                             | 1 |
| 9. | «Алдар» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу: Алдар                                                                                                                                | Ер қылықтың ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, басқа адамдармен мейірімді, қамқоршыл қатынаста болуға тәрбиелеу.<br>Ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру-айыру немесе таңдай қағу.                                                                                                      | 1 |
| 10 | «Жаман жолдас» ертегісі.<br>Ы. Алтынсарин.<br>Артикуляциялық жаттығу: «Ер - ер – ер»<br>Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>Жемістерді тер.<br>Аға соңынан ер.<br>Сұрағанын бер | Жақсы мен жаман қасиеттерді балалардың өздері салыстыра отырып ажырата білуге үйрету.<br>Тіл босаңсытылады, жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерін үстіне қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек.                                                                                   | 1 |
| 11 | «Ақымақ қасқыр» ертегісі.<br>Артикуляциялық жаттығу: ақымақ, қасқыр                                                                                                              | Шығарма кейіпкерінің мінезі мен қылықтарын талдауға үйрету, олардың жақсы қасиеттерінің ұқсастығын бағалау.<br>Жымиып, ауызды ашамыз, тілдің алдыңғы бөлігін төменгі ерінге саламыз. Тілді біркалыпты, жағдайда санау арқылы 1 - ден 5 - ке дейін, дан кейін 1 - ден 10 - ға дейін ұстап тұру керек. | 1 |
| 12 | «Үйшік» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу: Тілдің                                                                                                                               | Үлкендермен қарым-қатынаста қағиданы ұстауды үйрету, еңбегіне деген қызығушылығын тудыру, олардың нәтижесіне құрметпен қарау,                                                                                                                                                                        | 1 |

|    |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |   |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    | <p>шеттері тіске тимейді.</p> <p>Нек – нек – нек</p> <p>Шай қайнайтын шәйнек</p> <p>Се – се – се-</p> <p>Шай ішетін кесе</p>                                                                                                 | <p>драматизациялау.</p> <p>Ауыз кең ашылады, жалпақ қалыптағы тіл жоғары көтеріледі де, шәшке формасы беріледі.</p>                                                                                                                                                                                  |   |
| 13 | <p>«Айболит».</p> <p>К.Чуковский.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>Ыс – ыс – ыс,</p> <p>Келіп жетті қыс.</p> <p>Ар – ар – ар,</p> <p>Жауады қар.</p>                                                                    | <p>Балалардың жануарларға, басқа адамдарға мейірімді, қамқоршы болуын үйрету.</p> <p>Тіл ауыздан шығарылады да, түтікше түріне енгізіледі. Жаттығуларды алдымен жайлап, айна алдында жасалады, сонан соң біртіндеп жоғарырақ ырғаққа көшу керек. Әрбір жаттығу 10 секундтан 6 - 8 рет орындалады</p> | 1 |
| 14 | <p>«Тазша бала».</p> <p>(Қазақ халық ертегісі).</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>Бақ – бақ – бақ</p> <p>Ас салатын табак</p> <p>Шақ – шақ – шақ</p> <p>Өткір пышақ</p>                                                  | <p>Шығарма кейіпкерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау дағдыларын қалыптастыру, оларға деген өз ойларын білдіру.</p> <p>Біріктірілмеген еріндер алға қарай созылады</p>                                                                                                                            | 1 |
| 15 | <p>«Жабайы қаздар».</p> <p>(Орыс халық ертегісі).</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>«Аз - аз – аз»</p> <p>Құдықты қаз.</p> <p>Қаңқылдайды қаз.</p> <p>Келіп қалды жаз.</p> <p>Болып қапты жаз.</p> <p>Атаңа хат жаз.</p> | <p>Балаларға басқа адамдарға қамқорлық, мейірімділік танытуды, үлкендермен қарым-қатынаста әдепті ұстауға үйрету.</p> <p>Ауызыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.</p>                                                       | 1 |
| 16 | <p>«Бауырсақ» ертегісі.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: Бауырсақ</p>                                                                                                                                                          | <p>Болған жағдайдан шығудың жолын табу дағдыларын қалыптастыру, қатарластарымен қарым-қатынаста, іс-әрекетте әдептілік сақтауға үйрету, драматизациялау.</p> <p>Жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.</p>                                      | 1 |
| 17 | «Шалқан» ертегісі                                                                                                                                                                                                            | Балаларды адамгершілік қасиетпен, тұлғааралық                                                                                                                                                                                                                                                        | 1 |

|    |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |   |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    | <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>Зе – зе – зе</p> <p>Бұл шыны терезе</p>                                                                                                                                | <p>қатынаста және ортада өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру, әдептіліктің карапайым қасиеттеріне тәрбиелеу, драматизациялау.</p> <p>«Ыстық» — ауыз үлкен болып ашылады, ауызды жабу – «суық»</p>                                                                                            |   |
| 18 | <p>«Мақта қыз бен тышқан».</p> <p>Ы.Алтынсарин.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>«Үн илейміз»</p>                                                                                                   | <p>Ертегі кейіпкерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау дағдыларын қалыптастыру, олар туралы өз ойларын білдіру.</p> <p>Жымиып, «пя - пя - пя...» деп тілмен еріндер арасында шалпылдату.</p>                                                                                                              | 1 |
| 19 | <p>Қазақ халық ертегісі</p> <p>«Қанбақ шал»</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>«Ақ - ақ – ақ»</p> <p>Астында болсын тақ!</p> <p>Алла болсын жақ!</p> <p>Басыңа қонсын бақ!</p> <p>Атам маған жақ.</p> | <p>Шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету. Балаларға жеткілікті деңгейде мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкерлердің іс-әрекетін бірнеше рет қайталап, сөздік қорын молайту.</p> <p>«Инеше» - ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10 - 15 секунд ұстап тұру керек</p> | 1 |
| 20 | <p>«Үртокпақ» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: үш, тоқпақ</p>                                                                                                                                     | <p>Ертегі кейіпкерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау дағдыларын қалыптастыру, олар туралы өз ойларын білдіру.</p> <p>Ауызыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.</p>                                                              | 1 |
| 21 | <p>«Қожектің үйшігі» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: сағат</p>                                                                                                                                   | <p>Шығарма кейіпкерлерінің қамқорлық мінезіне эмоциялы қарау, кейіпкердің қылығы мен өз мінезінің ұқсастығын бағалауға үйрету.</p> <p>Тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.</p>                                                         | 1 |
| 22 | <p>«Қаз-аққулур» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық</p>                                                                                                                                                      | <p>Шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету. Балаларға жеткілікті деңгейде мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкерлердің</p>                                                                                                                                                               | 1 |

|    |                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |   |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    | жаттығу: қаз                                                                                                                        | іс-әрекетін бірнеше рет қайталап, сөздік қорын молайту.<br>Аузыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.                                                                                                                                                                       |   |
| 23 | «Мысық, тышқанмен торғайға неге өш» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу:<br>Мысық, тышқан, торғай                                    | Балаларды адамгершілік қасиетпен, тұлғааралық қатынаста және ортада өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру, әдептіліктің қарапайым қасиеттеріне тәрбиелеу<br>Жымиіп, тістерін көрсетіп, аузын ашып, жалпақ тілді астыңғы тістердің артына (ауыз қуысының ішінде) орналастыру. Осы қалыпта тілді жоғары көтеріп дәл осылай істеу керек. | 1 |
| 24 | «Алладиннің сыйқырлы шамы» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу: Алладин                                                              | Шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету. Балаларға жеткілікті деңгейде мазмұнын мұқият тындап, кейіпкерлердің іс-әрекетін бірнеше рет қайталап, сөздік қорын молайту.<br>Тілді жоғары көтеріп үйрету, тілдің алдыңғы жағынның қимыл - қозғалысын жетілдіру.                                                               | 1 |
| 25 | «Айлакер қоян» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу:<br>Ян – ян – ян,<br>Қорқақ қоян.                                                 | Балаларды адамгершілік қасиетпен, тұлғааралық қатынаста және ортада өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру, әдептіліктің қарапайым қасиеттеріне тәрбиелеу<br>Ауыз сәл ашық, тілді шығарып әуелі жоғарғы ерінді, сосын төменгі ерінді жалау. Бағытын өзгерте отырып 10 - 15 рет қайталау                                                | 1 |
| 26 | «Алтын мүйізді киік» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу:<br>Үз – үз – үз,<br>Жаңбырлы Күз.<br>Рақ – рақ – рақ,<br>Саулайды жапырақ. | Шығарма кейіпкерлерінің қамқорлық мінезіне эмоциялы қарау, кейіпкердің қылығы мен өз мінезінің ұқсастығын бағалауға үйрету.<br>Ұртты толтыру, ауаның бәрін шығарып ұртты жинау                                                                                                                                                                    | 1 |
| 27 | «Екі дос» ертегісі<br>Артикуляциялық жаттығу: Тіліміздің күші көп                                                                   | Шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету. Балаларға жеткілікті деңгейде мазмұнын мұқият тындап, кейіпкерлердің іс-әрекетін бірнеше рет қайталап, сөздік қорын молайту.<br>Тістер біріктірілген, тіл төменгі, одан кейін жоғарғы тістерге күшпен басады.                                                                    | 1 |
| 28 | «Бұлбұлмен                                                                                                                          | Балаларды адамгершілік қасиетпен, тұлғааралық                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |   |

|    |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                           |   |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    | <p>тоқылдақ» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу:</p> <p>Рек – рек – рек,</p> <p>Ұшты көлден үйрек.</p> <p>Еш – еш – еш,</p> <p>Шақырады әтеш</p> | <p>қатынаста және ортада өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру, әдептіліктің қарапайым қасиеттеріне тәрбиелеу</p> <p>Еріндер біріктірілген, алға қарай созылады – жоғарғы ерін жоғары қарай көтерілген, ал төменгі төмен қарай түсірілген</p>                                 | 1 |
| 29 | <p>«Мысық пен түлкі» Ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: Кі – кі – кі, Айлакер қу түлкі.</p>                                                     | <p>Балаларға кейіпкердің әдеби қылықтары мен мінездерін талдауға үйрету, олардың жақсы жақтарының ұқсастығын бағалау.</p> <p>Ауыз сәл ашық, тілді шығарып әуелі жоғарғы ерінді, сосын төменгі ерінді жалау</p>                                                                            | 1 |
| 30 | <p>«Түлкі мен шаян» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: Түлкі , шаян</p>                                                                         | <p>Шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету. Балаларға жеткілікті деңгейде мазмұнын мұқият тыңдап, кейіпкерлердің іс-әрекетін бірнеше рет қайталап, сөздік қорын молайту.</p> <p>Тістер біріктірілген, тіл төменгі, одан кейін жоғарғы тістерге күшпен басады.</p> | 1 |
| 31 | <p>«Түлкі бекеш» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: Түлкі, бекеш</p>                                                                            | <p>Балаларға кейіпкердің әдеби қылықтары мен мінездерін талдауға үйрету, олардың жақсы жақтарының ұқсастығын бағалау.</p> <p>Еріндерді созып, ауызды ашып, жіңішке тілмен тырсылдату.</p>                                                                                                 | 1 |
| 32 | <p>«Арстан мен тышқан» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: Арстан, тышқан</p>                                                                    | <p>Болған жағдайдан шығудың жолын табу дағдыларын қалыптастыру, қатарластарымен қарым-қатынаста, іс-әрекетте әдептілік сақтауға үйрету</p>                                                                                                                                                | 1 |
| 33 | <p>«Мақтаншақ қоян» ертегісі</p> <p>Артикуляциялық жаттығу: Ян – ян – ян, Қорқақ қоян.</p>                                                           | <p>Балаларға кейіпкердің әдеби қылықтары мен мінездерін талдауға үйрету, олардың жақсы жақтарының ұқсастығын бағалау.</p> <p>Ауыз сәл ашық, тілді шығарып әуелі жоғарғы ерінді, сосын төменгі ерінді жалау. Бағытын өзгерте отырып 10 - 15 рет қайталау</p>                               | 1 |
| 34 | <p>«Шұбар тауық» ертегісі</p>                                                                                                                        | <p>Болған жағдайдан шығудың жолын табу дағдыларын қалыптастыру, қатарластарымен</p>                                                                                                                                                                                                       | 1 |

|    |                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                         |           |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    | Артикуляциялық<br>жаттығу: Шұбар,<br>тауық                                                                                                                                                | қарым-қатынаста,<br>іс-әрекетте әдептілік сақтауға үйрету,<br>драматизациялау.<br>Тістер біріктірілген, тіл төменгі, одан кейін жоғарғы<br>тістерге күшпен басады.      |           |
| 35 | «Қарылғаш пен<br>дәуіт» ертегісі<br>Артикуляциялық<br>жаттығу:<br>Тістер біріктірілген,<br>ерін күлімдейді<br>Пан – пан – пан,<br>Сап – сары балапан.<br>Ұс – ұс – ұс,<br>Ұшты үлкен құс. | Балаларға кейіпкердің әдеби қылықтары мен<br>мінездерін талдауға үйрету, олардың жақсы<br>жақтарының ұқсастығын бағалау.                                                | 1         |
| 36 | Әдеби викотрина<br>Артикуляциялық<br>жаттығу: Күркетауық                                                                                                                                  | Әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ертегі мазмұны және<br>атын есте сақтауға көмектесу.<br>Тілді жоғары көтеріп үйрету, тілдің алдыңғы<br>жағының қимыл-қозғалысын жетілдіру | 1         |
|    | <b>Барлығы:</b>                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                         | <b>36</b> |

Вариативтік компонент «Сиқырлы кілем» (4-жастан бастап) балаларға арналаған.

## Түсінік хат

«Сиқырлы сөздер әлемі» вариативтік компоненті 36 сағатқа жоспарланып, аптасына 1 рет өткізіледі. Әлемдегі барлық дүние түрлі нәрселерден құралады.. Тіл үйрену мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Бұл жастағы балалар тілді үйренуге бейім, ересектерге еліктейді. Мектепке дейінгі балалық шақта мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді дамуына ықпал етеді. балалардың мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын ояту;қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу);балалардың лингвистикалық білім алуына ықпал ету;

- бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

-қазақ халқының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық тудыру және оларды құрметтеуге тәрбиелеу;әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуын қолдау.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады» -деп, атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Өзінің ұлттық мәдениетін, ата-бабаларының салт-дәстүрін сақтауға және дамытуға деген ұмтылыс ана тілін үйренудегі ұлттық сана-сезімнің айқын дәлелі. Мысалы: жаңбыр – су тамшыларынан, орман – ағаштардан тұрады. біздің сөйлеу тіліміз – сөйлемдерден тұрады

Әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйрету тілдік сананың жаңа жүйесін қалыптастырудың күрделі процесі болып табылады. Балаларда әлеуметтік қарым-қатынастың алғашқы дағдылары құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балаларды сөйлеуге үйретуде маңызды рөл атқарады.

Тілдерді ерте жастан үйрету баланың зияткерлік қабілетін дамытуға сонымен қатар, балаларды мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне мемлекеттік тілді меңгерту мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.